

Әлеуметтану ғылымдарының кандидаты, Алимбекова Гульжан Токтамысовна
Әлеуметтану ғылымдарының магистры, Шабденова Айжан Базархановна
Алматы қ., Қоғамдық Пікірді Зерттеу Орталығы

ИНТЕРНЕТ ПАЙДАНУШЫЛАР: СОЦИОЛОГИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕУ НӘТИЖЕСІ

Ақпараттық қоғам теориясының қалаушылары ұйғарады: ақпараттық қоғам - қоғамдар дамуында алдыңғы кезеңдерінде орын алған процестерге қарағанда қарама-қарсы процестермен сипатталатын мүлде жаңа қоғам. Орталықтандыру орнына аймақтандыру, иерархизация және төрешіліктің орнына демократияландыру, қосылымның орнына – үлкейту, стандарттау орнына жекешілік көрініп тұр. Бұл процестердің бәрі ақпараттық технологиялармен шартталған. Заманауи қоғамның танымал зерттеушісі Олвин Тоффлердің айтуына қарағанда, XX–шы ғасырдың соңы - бұл алдыңғыларға қарағанда түбегейлі ерекшеленетін қоғам дамуындағы мүлде жаңа кезең. Бұл жаңа қалыптың келуі ақпараттық технологиялардың дамуына тиісті. Дәл осы ақпараттық технологиялар және оларды қолдану қоғамдағы жүріп жатқан процестерге айтқысыз динамизм мен әртүрлілік келтіреді [1].

ЮНЕСКО-ның қабылдаған анықтамасы бойынша, ақпараттық технология – бұл ақпаратты сақтау мен өңдеу жұмыстарымен айналысатын адамдардың еңбегін тиімді ұйымдастыру әдісін зерттейтін өзара сабақтасқан ғылыми, технологиялық, инженерлік пәндердің жиынтығы; есептеуші техника және адамдармен және өндірістік жабдықтармен әрекеттесу және ұйымдасудың әдістері, олардың тәжірибелік қосымшалары, сонымен қатар аталғанның барлығымен байланысты әлеуметтік, экономикалық және мәдени мәселелер. Ақпараттық технологиялар ақпарат басқару үшін қажетті барлық ресурстарды, әсіресе мәліметті құру, сақтау, басқару, жіберу мен іздеу үшін қажетті компьютерлерді, бағдарламалық қамтамасыз етуді және желілерді қамтиды [2].

Ғаламдық интернет желісі ақпаратты сақтау мен таратуға арналған бірлескен компьютерлік желілердің бүкіл әлемдік жүйесі ретінде ақпараттық технологиялардың негізгі сипаттамаларының бірі болып табылады. 2012 жылдың 30 шілдесіне қарай интернетті тұрақты қолданушылардың саны 2,4 млрд. адамға жетті, яғни интернет қызметін дүние жүзі халқының үштен бір бөлігі пайдаланады [3].

Ақпараттық қоғамды зерттеу аясында Интернеттің қоғамға енуін, Интернет қолданушыларды зерттеуге қызығушылық туындайды. Осындай мақсатпен Қоғамдық Пікірді Зерттеу Орталығы (ҚПЗО) 2014 жылдың сәуір айында Қазақстан халқы арасында социологиялық зерттеу жүргізді. Жалпы, Қазақстанның барлық өңірлері бойынша, сұхбаткерлердің көлемі іріктемеге сәйкес 948-ді құрады. Сұрау телефон әдісімен өткізілді. Сұхбаткерлерді іріктеу әдісі – елдің қолжетімді телефондық анықтамасынан кездейсоқ

іріктеу. Зерттеу іріктеуінің әлеуметтік-демографиялық сипаттамасы: 18 бен 76 жас аралығындағы Қазақстан халқы, сұрауға қатысушылардың орта жасы 38,2 жас; ерлер – 36%, әйелдер – 64%. Сұхбаткерлердің әлеуметтік-демографиялық белгілері туралы нақты мәліметтер 1-кестеде көрсетілген. Сұхбаткерлердің әлеуметтік жағдайы немесе жұмысбастылығы туралы мәліметтер 1-суретте берілген. Іріктелген жиынтықтың әлеуметтік-демографиялық сипаты сұрауда Қазақстан халқының барлық топтары қамтылғандығын растайды, яғни іріктеу халықты жас, жыныс, ұлт, отбасылық жағдай, білім деңгейі және жұмысбастылық бойынша бейнелейді. Іріктеу қатесі $\pm 3,2\%$ құрайды.

Зерттеу көрсеткендей, Қазақстанның тұрғындары үшін теледидар елде және әлемде орын алған әртүрлі оқиғалардың маңызды қайнар көзі болып табылады (64,3% - біздің елдегі әр түрлі оқиғалар туралы және 61,3% - әлемдегі әр түрлі оқиғалар туралы). Артықшылық берілген барлық ақпарат көздері жөніндегі мәліметтер 2-суретте көрсетілген. Сонымен бірге, қазақстандықтардың көпшілігінде халықаралық ақпараттық кеңістікке шығудың мүмкіндіктері бар екендігін де атап өту керек: сұхбаткерлердің 67%-ы кабельді теледидарға қосылған болса, ал 17%-ға жуығы спутниктік теледидарға қосылған. Сұхбаткерлердің 15,4%-ы ғана отандық ақпараттық кеңістікпен шектелген – олардың үйлерінде тек ұлттық арналар ғана бар (3-сурет).

Интернет қазақстандық қоғамға белсенді кіруде. Мысалы, сұхбаткерлердің үштен біріне жуығы елде (31%) және әлемде (32,7%) орын алған түрлі оқиғалардың аса маңызды қайнар көзі ретінде интернетті атады. Жалпы, зерттеудің мәліметтері бойынша, сұрауға қатысқандардың 78%-ы интернетті пайдаланады: күнделікті немесе күнде дерлік – 54,3%; аптасына бірнеше рет, күнде емес – 18,1%; айына бірнеше рет – 5,4%; интернетті мүлде қолданбайды – 22% (4-сурет).

Зерттеуде интернетті белсенді, яғни күнделікті қолданатындар - 18-29 жас аралығындағы жастар екендігі расталды. Гендерлік тұрғыда айырмашылықтар байқалмайды. Статистикалық мәні бар айырмашылықтар сұхбаткерлердің білім деңгейінен байқалды: халық арасында интернет қолданудың таралуы білім деңгейімен бірге өсуде. Жұмысбастылық бойынша интернет қолданудың кең таралуы студенттер мен кәсіпкерлер арасында байқалуда.

Жиі интернетті қандай мақсатпен қолданады? Бұл сұраққа жауап алу үшін аталған сұрақ барлық интернет қолданушыларға қойылды. Жауап нәтижелері бойынша интернет қолданушылардың елеулі бөлігі оны өз қажеттіліктері үшін ақпарат алуға (46%) және әртүрлі адамдармен араласу үшін (33%) қолданады екен. Сонымен қатар, сұхбаткерлердің үштен бір бөлігіне жуығы жұмыс жөнінде ақпарат алу үшін пайдаланады (29%), ал әр бесінші қолданушы Интернетті жаңалықтарды оқу үшін қолданса (22,3%), 17%-ы тек электрондық поштаны қолданады. Осылайша, негізінен интернетті қолданудың мақсаты тек коммуникациялық және ақпараттық сипатқа ие: мәлімет алу және адамдармен араласу. Интернетті тауар және қызмет сатып

алу, жеке мұқтаждығы үшін банк және мемлекеттік қызметтерді алу сияқты салада пайдалану әлі кеңінен тараған жоқ.

Осы жерде электронды үкімет жұмысындағы белгілі жетістіктерді атап кетпеске болмайды: оның жұмысы туралы хабардарлықтың жоғары деңгейі байқалады (сұхбаткерлердің 51,5%-ы электронды үкіметтің не екендігін білетіндігін, алайда оның қызметін қолданбағандығын көрсеткен), әрбір бесінші сұхбаткер (18,8%) электронды үкіметтің қызметін қолданатындығын атап өткен. Электронды үкіметтің жұмысымен хабардарлық деңгейі туралы нақты мәліметтер 5-суретте көрсетілген. Электронды үкіметтің жұмысынан хабардарлық деңгейінің төмендігі 50 жас және одан жоғары азаматтар арасында, гендерлік бөлік бойынша – жұмыс істемейтін зейнеткерлер, арнайы орта және одан төмен білім деңгейі бар азаматтар және әйелдер арасында байқалады.

Қазақстанда мемлекеттік ұйымдардың барлығы дерлік әртүрлі әлеуметтік сұрақтарға жауап алуға болатын өздерінің ресми интернет сайттарында көрсетілген. Бұл сұрақ, сондай-ақ, зерттеу барысында қарастырылды: қазақстандықтардың көп бөлігі мұндай мүмкіндіктің бар екендігін естіген (66,75%), алайда қажеттілік болмағандықтан пайдаланбаған. Әрбір оныншы сұхбаткер қолданып (11,5%), жауап алған. Сұхбаткерлердің 18%-ы мұндай мүмкіндіктің барын білмейді екен. Толығырақ мәліметтер 6-суретте көрсетілген.

Зерттеу айқындағандай, қазақстандық интернет қолданушылардың көп бөлігі оны әр түрлі адамдармен қарым-қатынас үшін қолданады екен. Қандай әлеуметтік желілерді қолдануды жөн көретіндігін білу мақсатында сұхбаткерлерге осыған сәйкес арнайы сұрақ қойылды. Жауаптардың нәтижесі бойынша Қазақстандағы жиі қолданылатын әлеуметтік желілер: mail.ru-дағы Мой мир, В контакте және Одноклассники (7-сурет).

Интернетті қолданбайтын барлық респонденттерге (N=210) «Не себепті интернетті қолданбайсыз?» деген сұрақ қойылды. Сұхбаткерлердің басым бөлігі интернетке қажеттілік жоқ деп жауап берсе (64,3%), әрбір үшінші респондент барлық уақытта интернетке қосылу мүмкіндігінің жоқтығын (27%), 11% сұхбаткерлер интернет қызметтерінің қымбат екендігін атап өткен.

Осылайша, интернет үлесіндегі ақпараттық технологиялар қазақстандық қоғамда кеңінен таралған, интернетті қолдану қазірше ақпараттық және коммуникациялық сипатқа ие: ақпарат алу және адамдармен араласу. Бұл жағымды, сонымен қатар жағымсыз нәтижеге әкеліп соғуы мүмкін, себебі, кейде мәліметтер жалған немесе деструктивті сипатта болып келеді.

Сонымен қатар, интернет арқылы ұсынылатын мемлекеттік қызметтер туралы, интернет арқылы мемлекеттік органдармен байланыста болу мүмкіндігі туралы хабардарлық деңгейі көтерілуде. Бұл қазақстандықтардың үкімет өкілдеріне қолжетімділік деңгейін арттырады, әр түрлі сұрақтарға жауап алу мүмкіндігі болады, конструктивті ұсыныстар енгізу мүмкіндігі көтеріледі.

Әдебиеттер тізімі:


1. Полякова Н.Л. Современные социологические теории общества, Москва, 1996.
2. ЮНЕСКО Организация Объединенных Наций по вопросам образования, науки и культуры // [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <http://www.unesco.org/new/ru/unesco/>
3. Internet world stats // [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <http://www.internetworldstats.com/top20.htm>

Қосымшалар

1-Кесте. Сұхбаткердің әлеуметтік-демографиялық сипаттары, N=948.

Сипаттамалар		Саны	%
Жасы	18-29 жас	321	33,9%
	30-дан 39 жасқа дейін	224	23,6%
	40-тан 49 жасқа дейін	165	17,4%
	50-ден 59 жасқа дейін	136	14,3%
	60 жастан жоғары	102	10,8%
Жасы	Ерлер	339	36%
	Әйелдер	609	64%
Ұлты	Қазақтар	459	48,4%
	Орыстар	338	35,7%
	Басқа ұлт өкілдері	151	15,9%
Отбасылық жағдайы	Ешқашан некеге тұрмағандар	224	23,6%
	Некеге тұрғандар, соның ішінде азаматтық некеге	616	65%
	Ажырасқандар	61	6,4%
	Тұл ер адамдар/жесір әйелдер	47	5%
Білім деңгейі	Толық емес орта (8-9 класстар)	13	1,4%
	Жалпы орта білім (мектеп/лицей/гимназияның 10-11 класстары)	69	7%
	Арнайы орта (КТМ, КТУ, колледж, училище)	352	37,1%
	Аяқталмаған жоғары	77	8%
	Жоғары (соның ішінде бакалавриат пен магистратура)	437	46,1%


Сурет 1. Сұхбаткерлердің жұмысбастылық түрі немесе әлеуметтік жағдайы бойынша бөлінуі, N=948.




Сурет 2. Қазақстанда және әлемде орын алған әртүрлі оқиғалар туралы артықшылық берілетін ақпарат көздері, N=948.




Сурет 3. Сұхбаткерлердің «Сіз үйіңізде телевиденияның қандай түрі бар?» деген сұраққа берген жауаптарының бөлінуі, N=948.




Сурет 4. Сұхбаткерлердің «Сіз интернет желісін қолданасыз ба, егер ия болса, қаншалықты жиі қолданасыз?» деген сұраққа берген жауаптарының бөлінуі, N=948.



Сурет 5. Сұхбаткерлердің «Сіз электронды үкімет жайлы білесіз бе, егер ия болса, оның қызметтерін пайдаландыңыз ба?» деген сұраққа берген жауаптарының бөлінуі, N=948.



Сурет 6. Сұхбаткерлердің «Сіз бір кездері мемлекеттік мекемелерге (Әкімдіктер, Министрліктер, Комитеттер мен т.б.) олардың ресми сайттары арқылы белгілі бір сұрақтар бойынша жүгініп көрдіңіз бе?» сұрағына берген жауаптарының бөлінуі, N=948



Сурет 7. Сұхбаткерлердің «Сіз қандай әлеуметтік желілерді пайдаланасыз және қаншалықты жиі?» деген сұраққа берген жауаптарының бөлінуі, N=738.

